

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

6В02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» бойынша
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Семей 2020 ж.

1. ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

Білім беру бағдарламасы 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы»

Модульдік білім беру бағдарламасы 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» бойынша гуманитарлық білім бакалавры дәрежесін алу үшін қажетті құзіреттіліктерді меңгеруге бағытталған және оқу кезеңдеріне модульдердің бірігуі нәтижесінде құрастырылған. Модульдік оқыту бағдарламасы (МОБ) білім меңгеріп шығуына негізделген. Модульдік оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты ҚР БҒМ № 604 от 31.10.2018 ж. бұйрығымен және ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы» бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне негізделіп жасалды. 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы оқу модульдерінің бірлестігі ретінде және құзіреттіліктерді қамтуға негізделіп отыр. Құзіреттіліктерді қамту 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша академиялық дәрежесін алуға қажетті болып келеді.

Білім беру бағдарламаларын енгізу туралы ереже (01.26 / 2019 бұйрық). Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде дуальды оқыту жүйесі туралы ереже (01.13/2019 бұйрық). Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы туралы университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілді (17.01.2014 ж. № 5 хаттама). Таңдау бойынша компоненттерді пәндерге тіркеу ережесі (01.18/2019 бұйрық) бұйрығымен бекітілген.

6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасының түлегіне оқуды аяқтаған кезде берілетін академиялық дәрежесі 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры. Жалпы білім беретін міндетті компоненттер (МК) барлығы 28 кредит. Оқу барысында түлек жалпы білім беру құзіреттіліктерді қамтуы қажет: қоғамның даму заңдарын және оның әлеуметтік – саясаттық, құқықтық, экономикалық, экологиялық негіздерін, сонымен қатар тарихи және мәдени құндылықтарын, информатика негіздерін, тілдік қарым – қатынас және салауатты өмір салты принциптерін, елдің саясатты жайлы ақпаратты қамтиды.

Базалық компонент (БК) блогына ЖОО бойынша міндетті пәндер компоненті -24 кредит және таңдау компоненттер (ТК) -67 кредит енеді. Осы пәндер модульдері жалпы кәсіби компентенциялар комплексін қалыптастырады: терең ғылыми- теориялық және әдістемелік ғылымдарды, тәжірибелік мүмкіндіктер мен тарихи - теориялық дағдыларын қалыптастыру, кәсіптік қасиеттерін қалыптастыру.

Кәсіптендіру пәндер блогына ЖОО бойынша міндетті пәндер компоненті (МК) -21 кредит және таңдау компоненттер (ТК) - 36 кредит енеді. Осы пәндер модулі түлектің арнайы компентенцияларды қамтуына негізделген: теориялық және эмпирикалық білімдер енетін кәсіптік қасиеттерін қалыптастыру, тәжірибелік әрекеттер дағдыларын, тарихи білім беру саласында кәсіби білік дағдылары меңгеру, жалпы, арнайы тарихи гуманитарлық, педагогикалық, жаңа әдебиеттерге

бағдар жасай білу, ұлттық білім беру жүйесін модернизаиялаудың өзекті міндеттеріне жауап беретін инновациялық, педагогикалық технологияларды меңгеру, теориялық негіздер және тәжірибелік мағына жүйесінің дәлелдемелерін көрсетіп, тапсырмаларды сәтті орындау.

Білім беру процесінің аяқталуының белгісі студенттің теориялық оқытудың 228 кредитін және ҚМА – 12 кредитін игеруі болып табылады. Модульдік білім беру бағдарламасы 23 модульден тұрады.

6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша модульдік білім берудің мақсаты – Қазақстан және әлем тарихының тарихнамасы мен деректануын және ежелгі, ортағасырлар, жаңа заман, қазіргі заман тарихын меңгерген, педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздерін білетін, кәсіби міндеттерді шеше алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті түлектерді қалыптастыру.

6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасының түлегі келесі салаларда жұмыс істей алады.

- орта білім жүйесіндегі мектептерде, арнаулы оқу орындарында оқытушы, (тарих және қоғамдық пәндер мұғалімі);;
- ғылыми-зерттеу институттарда;
- жоғары және орта арнаулы оқу орындарында, музейде, мұрағаттарда, баспаларда, мәдени-ағарту мекемелерінде қызмет атқарады;
- мемлекеттік басқару құрылымында референттер және кеңесшілер болып, қоғамдық мекемелерде қызмет атқарады.

ҚОСЫМША 2. ӘЛЕУМЕТТІК – КӘСІБИ ІС – ӘРЕКЕТТІ МЕҢГЕРУДІҢ ӨЗАРА РЕТТІЛІГІ

Курс	Обеспечивающие дисциплины	Күзiреттер	Күтілетін нәтиже
1	2	3	
1 курс	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Әлеуметтік- этикалық күзiреттілік	<p>Білу: Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі оқиғалары мен өзекті мәселері жайлы білуі керек. Отан тарихының негізгі мәселелерін, Кеңес өкіметінің орнауы, Сталиндік саясаттың зардаптары мен Ұлы отан соғысының нәтижелері, Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы және т.б тарихи өзекті мәселелері туралы білуі керек.</p> <p>Меңгеруі: тарихи процестерді талдау, мәди, саяси және қоғамдық өміріндегі өзгерістер туралы сипптау, тарихи дереккөздерді анықтау және пайдалу, пән бойынша тарихи деректерді пайдалана отырып, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу.</p> <p>Дағды: сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу және ғылыми материалдармен өз бетінше жұмыс жасау, Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі тарихи оқиғаларына қатысты деректерді талдау және ғылыми зерттеу кезінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Қазақ (орыс) тілі	Пәндік күзiреттер	<p>Білу: курстың теориялық негіздері (тіл, оның функциялары, сөйлеу формалары, мәтін, оның ерекшеліктері, сөйлеу мәнерлері, сөйлеудің функционалдық және семантикалық түрлері); диалогтық және монологтық сөйлеу ерекшеліктері; ғылыми ақпараттың түрлерін және оны ғылыми мәтінге енгізу ерекшеліктерін; ғылыми мәтінді құрылымдық-семантикалық талдау және семантикалық талдау элементтері, сөйлеу жағдаятының компоненттері, сөйлеушінің ниеті.</p> <p>Меңгеру: лексиканың жеткілікті көлемін, грамматикалық білімдер жүйесін, ниетін білдірудің прагматикалық құралдарын білу негізінде қарым-қатынас пен танымның белгілі бір мәселелерін шешу үшін тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдау және пайдалануды жүзеге асыру; мақсатқа сәйкес келетін белгілі бір сертификаттау деңгейіндегі лексико-грамматикалық және прагматикалық материалдарды пайдалана отырып, жалпы қабылданған нормаларға, функционалдық бағдарға сәйкес күнделікті, әлеуметтік-мәдени, ресми және іскерлік мәтіндерді құрастыру; мәтіндердің деректік мазмұнын жеткізу, олардың концептуалды ақпаратын тұжырымдау, бүкіл мәтін туралы да, оның жеке құрылымдық элементтері туралы да қорытынды білімді (прагматикалық бағытты) сипаттау; мәтін ақпаратын түсіндіру, әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси, ресми іскерлік және кәсіби коммуникация саласындағы мәтіндердің стилі мен жанрлық</p>

			<p>ерекшеліктерін сертификаттау талаптары көлемінде түсіндіру; өзінің ниеті мен қажеттіліктерін (күнделікті, тәрбиелік, әлеуметтік, мәдени) жүзеге асыру мақсатында қарым-қатынастың әртүрлі салаларында әртүрлі жағдайларда қарым-қатынасқа қатысу, оларды этикалық тұрғыдан дұрыс, мағыналы толық, лексико-грамматикалық және прагматикалық жағдаятқа барабар деп жариялау; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылау, өз көзқарасын білдіру, оны дәлелдермен қорғау, әңгімелесушілердің пікірін сыни тұрғыдан бағалау; тілдің, мәдениеттің нормаларына, қарым-қатынас саласының ерекшеліктеріне, сертификаттау талаптарына сәйкес тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайында сөйлеу әрекетінің бағдарламасын құру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты сұрау және хабарлау, қатысушылардың іс-әрекеттері мен әрекеттерін бағалау, сертификаттау талаптарына сәйкес білім мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелесушіге әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалану.</p> <p>Дағды: коммуникативті мақсатқа және қарым-қатынастың кәсіби саласына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеуді қалыптастыру дағдылары; күнделікті, әлеуметтік-мәдени, кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларындағы тілдік дағдылар; орыс тілінде ақпаратты іздеу, өңдеу дағдылары; сөйлеу әрекетінің түрлері.</p>
Шет тілі	Пәндік құзіреттер		<p>Білу: берілген пән бойынша тақырыптардың лексикалық минимумы мен тілдік материалдарын (қарым-қатынастың әлеуметтік-әлеуметтік және мәдени салалары).</p> <p>Меңгеру: жеке сөз тіркестері мен жиі қолданылатын сөздерді ғана емес, сонымен қатар оған тікелей қатысты тақырыптар бойынша көлемді мәліметтерді тыңдау; радиодағы, әуежайдағы, вокзалдағы қысқаша қарапайым хабарламалардың негізгі мазмұнын түсіну, қысқа, қарапайым мәтіндердің, жарнамалардың, брошюралардың, мәзірлердің, автобустар мен пойыздардың жүру кестесінің, қысқа қарапайым жеке хаттардың, электрондық пошталардың мазмұнын оқу кезінде түсіну, таныс тақырыптар мен іс-әрекеттер аясында ақпарат алмасуды қажет ететін қарапайым типтік жағдайларда қарым-қатынас жасау, отбасы, тұрмыстық жағдайлар, тренинг сабақтары туралы айта білу, жеке сипаттағы қарапайым хат, жазба, өмірбаян жазу.</p> <p>Дағды: жалпы мәдени және кәсіптік тақырыптар аясында шет тіліндегі диалогтық және монологтық сөйлеуді түсіну; сөйлеу әрекетінің негізгі</p>

			түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деңгейде шет тілі; ауызша және жазбаша қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері; күнделікті, академиялық және кәсіби қарым-қатынас жағдайында адекватты әрекет ету дағдылары; тыңдау, оқу, жазу дағдылары.
Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар(ағыл.тілінде)	Оқу-технологиялық күзіреттілік		Білу: ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуына қандай экономикалық және саяси факторлар ықпал етті; түрлі операциялық жүйелердің ерекшеліктері, архитектурасы; Меңгеру: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы негізгі үрдістерді анықтау; ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану; электрондық кестелермен жұмыс істеу, деректерді топтастыруды орындау, графиктер құру; ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын қолдану; қарапайым веб-сайттарды жобалау және құру; векторлық және растрлық бейнелерді өңдеуді жүргізу; Мультимедиялық презентациялар жасау; қарым-қатынас үшін түрлі платформалар қолдану; суперкомпьютерлердің өнімділік көрсеткіштерін есептеу және бағалау; кәсіби білімді кеңейту үшін электрондық оқытудың түрлі нысандарын қолдану; түрлі бұлтты сервистерді қолдану. Дағды: деректер қорының құрылымын әзірлеу; презентацияларды жобалау және жасау; серверден деректерді алу; бейне файлдарын жасау; Smart қосымшалармен жұмыс; электрондық үкімет сайтындағы сервистермен жұмыс.
Әлеуметтану	Әлеуметтік- этикалық күзіреттілік		Білу: қоғамды талдаудағы, әлеуметтік қауымдастық пен әлеуметтік топтардың пайда болу табиғатындағы, әлеуметтік процестердің түрлері мен бағыттарын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерді, жеттік білуі қажет; Меңгеру: әлеуметтік қозғалыстардың пайда болуы мен дамуының негізгі шарттары мен жіктелуін, әлеуметтік дамудың факторларын, әлеуметтік өзара әрекет формаларын біліп, оларды талдай алуы қажет; Дағды: тұлға жөнінде, әлеуметтенудің формаларын, бағыттары мен ерекшеліктерін, әлеуметтік жүріс – тұрысты реттеудің негізгі заңдылықтары мен формаларын талдаудағы әлеуметтанулық түсініктерден ғылыми хабары болуы тиіс.
Саясаттану	Әлеуметтік- этикалық күзіреттілік		Білу: білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі саяси ғылымдарының қоғамдық білімдер жүйесіндегі арнайы ғылым және оқу пәні ретіндегі орын анықтау, оның зерттеу объектерінің спецификасын пәнің мен әдістерін ашу, саяси

		<p>ілімдерін қалыптасу тарихын, даму эволюциясындағы маңызды кезеңдерін зерттеу.</p> <p>Меңгеру: студенттердің бойында саяси ғылымдардың негізгі категорияларын, оның мәселелері мен құндылықтары принциптері туралы ғылыми таным қалыптастыру.</p> <p>Дағды: студенттерді тұлғаның саяси танылуына, саясаттың гуманизациялануына ықпал ететін факторларды анықтау, әлем мен Қазақстан Республикасының саяси үрдістердің даму ерекшеліктерімен танысу.</p>
Мәдениеттану	Әлеуметтік- этикалық құзіреттілік	<p>Білу: мәдениеттің негізгі теориялары, мәдениеттанудың негізгі ұғымдары; қазіргі мәдениеттанулық талдау әдіснамасының негізгі бағыттары; әлемдік мәдениет пен өркениеттің қалыптасу тарихы, негізгі мәдени тұжырымдамалардың теориялық ерекшеліктері, әлемдік және отандық әдебиеттегі мәдениет пен өркениеттің әртүрлі түсіндірмелері; қазіргі мәдениетті дамытудың өзекті мәселелері; мәдениетті әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде түсіну; әлемдік мәдениеттердің даму заңдылықтары, сондай-ақ мәдениеттер классификациясының типологиясы туралы; адамзаттың маңызды мәдениеттерінің тарихы туралы негізгі білім; мәдениеттің негізгі құндылықтарын алу, сақтау және беру тәсілдері туралы-әртүрлі мәдениеттердің алуан түрлілігі мен өзіндік құндылығы туралы, мәдениеттің нысандары мен түрлері, олардың жұмыс істеуі мен даму заңдылықтары, негізгі мәдени-тарихи аймақтар-қазақ мәдениетінің тарихы, оның әлемдік мәдениет пен өркениет жүйесіндегі орны.</p> <p>Меңгеру: мәдениеттің ерекшеліктерін, ондағы басым құндылықтарды ажырата білу; мәдениетаралық коммуникацияның ерекшелігін түсіндіру; динамикалық өзгертін көп қырлы мәдениетті қоғамда өз бетінше кәсіби қызмет жүргізе білу; қазіргі қоғамның мәдени ортасын бағдарлай білу; мәдениет құбылысын, оның адам өміріндегі рөлін түсіндіре білу; мәдениеттану мәселелерін бағдарлай білу, мәдени факторлардың жеке тұлғалардың мінез-құлқына әсері мәселелерін өз бетінше түсіну.</p> <p>Дағды: ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтау мен көбейтудің тәжірибелік дағдылары; ҚР-да азаматтық қоғамның қалыптасуының қазіргі жағдайында әртүрлі адамдар мен ұжымдардың мәдени мінез-құлқының ерекшеліктерін есепке алу мәселелерінде білім мен дағдыларды тәжірибелік қолдану.</p>
Қазақстанның ежелгі тарихы	Кәсіби құзіреттер	Білуі керек: ежелгі Қазақстан аумағында археологиялық мәдениеттердің

			<p>қалыптасуы мен дамуы, өндіруші шаруашылықтың пайда болуы, әлеуметтік қатынастардағы өзгерістер, көшпенділіктің, скиф-сақ мәдениетінің пайда болуы мен дамуы, Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттік құрылымдар мен түркі мемлекеттерінің тарихы; ежелгі Қазақстан тарихының негізгі терминологиясы, ежелгі тарихи процестер, өркениеттердің әртүрлі түрлерінің сабақтастығы, мемлекеттіліктің тарихи формаларының қалыптасуы мен дамуы жайлы білу.</p> <p>Меңгеруі керек: Қазақстанның ежелгі кезеңінің негізгі өзекті мәселелерін талдау; Қазақстан дамуының ежелгі кезеңінің әртүрлі кезеңдеріндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымның ұйымдастырылу нысандары мен эволюциясын талдау және салыстыру; тарихи дереккөздер негізінде қоғамдық өмірдің тарихи фактілерін, оқиғалары мен құбылыстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру; тарихи процестің даму фактілерін теориялық білім мен түсінуді қолдану, тарихи процестерді іріктеу, талдау және түсіндіруді меңгеру.</p> <p>Дағдылар: ежелгі Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдау дағдылары; Қазақстанның ежелгі тарихына қатысты деректерді анықтау; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау; қоғам дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын зерделеу жөніндегі зерттеу қызметінің дағдылары; ғылыми әдебиетті зерделеу және оны оқу және зерттеу жұмысында пайдалану;</p>
	Ежелгі дүние тарихы	Әлеуметтік- этикалық күзіреттілік	<p>Білуі: ежелгі кезеңдегі қоғамның дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, ежелгі дүние жүзінің хронологиялық шеңберлері, әлемдік тарихи процестің ғылыми кезеңділігінің критерийлері, тарихи ғылымның негізгі терминологиясы, ежелгі тарихи процестер мен құбылыстардың мәнін түсінудің негізгі тәсілдері; ежелгі Шығыстың және Батыстың негізгі кезеңдері, экономикалық, саяси және мәдени даму генезисі, тарихи процестердің тарихи маңыздылығы туралы білуі керек.</p> <p>Меңгеру: Қазақстан тарихының ежелгі кезеңінің проблемаларын талдау; Қазақстанның ежелгі даму кезеңінің әртүрлі кезеңдеріндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымның ұйымдастырылу нысандары мен эволюциясын талдау және салыстыру; тарихи дереккөздер негізінде қоғамдық өмірдің тарихи фактілеріне, оқиғалары мен құбылыстарына салыстырмалы талдау жасау; тарихи процестің даму фактілері туралы теориялық білім мен түсініктерді қолдану, тарихи дереккөздерді кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді шешуде, тарихи фактілерді, тарихи</p>

			<p>ақпаратты іріктеуді, талдауды және түсіндіруді жүзеге асыра білу; Дағды: тарихи пәндердің категориялық - тұжырымдамалық аппараты; тарихтың ежелгі кезеңіндегі Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдау дағдылары; Қазақстанның ежелгі тарихындағы жалпы және ерекше кезеңдерді анықтау; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау; қоғам дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын зерделеу жөніндегі зерттеу қызметін; ғылыми әдебиетті зерделеу және зерттеу жұмысында пайдалану;</p>
Археология		Өлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: ежелгі және ортағасырлық тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын, тарихи дәуірлердің хронологиялық шеңберлерін, әлемдік тарихи процестің ғылыми кезеңділігінің критерийлерін; тарихи ғылымның негізгі терминологиясын, тарихи процестер мен құбылыстардың мәнін түсінудің негізгі тәсілдерін; археологияның қалыптасу және даму тарихын, ғылым ретіндегі міндеттері мен әдістерін, тарих ғылымдары жүйесіндегі археологияның орнын, тарихтың археологиялық кезеңділігін, археологиялық ескерткіштердің типологиясын, археологиялық зерттеудің негізгі кезеңдерін, археологиялық ескерткіштерді зерттеу және зерттеу әдістерін білу қажет; Меңгеру: тарихи құбылыстар мен процестерді олардың экономикалық, саяси, мәдени көріністерінде талдау және мазмұнын түсіндіру; археология пәнінің негізгі міндеттерін меңгеру, археологияның теориялық аспектілері туралы білімді оқу археологиялық практикасы процесінде, далалық зерттеу әдістерін қолдану, археология ескерткіштерін анықтау және тану, далалық құжаттаманы рәсімдеу, археологиялық ескерткіштерді белгілеу; Дағды: тарихи пәндердің категориялық - тұжырымдамалық аппаратын игеру; әртүрлі тарихи кезеңдердегі қоғамның дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістерін анықтау; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздерін, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардың негіздері мен жүйелілігін қолдану; археологиялық ғылымның терминологиясын, қазба зерттеулерінің техникасын, құрал-саймандармен жұмыс істеу,</p>

			далалық лагерьді жайластыру, жинау және өңдеу, консервациялау дағдыларын меңгеру археологиялық олжалар, археологиялық ескерткіштерді өлшеу және картаға түсіру, өткенді қайта құру;
	Философия	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: негізгі философиялық ұғымдар мен категориялар, табиғаттың, қоғамның және ойлаудың даму заңдылықтары; философиялық категориялардың мәні, философия терминологиясы және философиялық білімнің құрылымы, философияның атқаратын қызметтері, философиялық зерттеу әдістері; философияның қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі.</p> <p>Меңгеру: дүниетанымдық ұстанымды қалыптастыру үшін философиялық білімнің негіздерін қолдану; дүниетанымдық, әлеуметтік және жеке маңызды философиялық мәселелерді талдау; философиялық білім жүйесінде ғаламдық негіздер, қоғамның дамуының ерекшеліктері туралы тұтас түсінік ретінде бағдарлану; философия дамуының қазіргі кезеңінің сипаттамалық ерекшеліктерін түсіну.</p> <p>Дағды: дүниетанымның әртүрлілігін философиялық талдау дағдылары; қоғамдық мәселелерді жүйелі талдау, тұтас көзқарас қалыптастыру үшін философиялық ойлау дағдылары; философиялық мазмұны бар мәтіндерді талдау дағдылары.</p>
	Ортағасырлар тарихы	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: ортағасырлар тарихының негізгі тарихи оқиғалары туралы және пән бойынша дерек көздері жайлы, тарихи дереккөздердің негізгі түрлері; олармен жұмыс істеу ерекшеліктерін түсіну; орта ғасырлар тарихының негізгі фактілері, феодалдық қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы, гүлдену және ыдырау процестері, христиан дінінің негізін қалыптасуы және Рим-католик, православие және протестанттық шіркеулерінің пайда болуы; ортағасырлық тарихтың маңызды жетістіктері; көрнекті тарихи тұлғалар және олардың өмірбаяны жайлы мәліметтерді білу; орта ғасырлар тарихындағы негізгі әдістемелік тұжырымдамаларды білу.</p> <p>Меңгеру: ортағасырлық тарихтың негізгі тарихи оқиғаларын сипаттау, мәдени ескерткіштерді талдау, орта ғасырлар тарихының жекелеген факторлары мен құбылыстарының негізгі мазмұнына түсініктеме беру; батыс еуропалық орта ғасырлар тарихындағы тарихи фактілер мен құбылыстарды талдау, түсіндіру, бағалау, хронологиямен жұмыс істеу; тарихи картамен жұмыс істеу; пән бойынша әртүрлі тарихи дереккөздермен, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, оқу және ғылыми-зерттеу тапсырмаларын орындау, ақпараттың әртүрлі түрлерін өз бетінше іздеу, өңдеу және пайдалану қабілеті мен дайындығын</p>

			<p>көрсету. Дағды: тарихи пәннің категориялық - тұжырымдамалық аппаратын меңгеру; зерттеу пәні туралы ғылыми ақпаратты сауатты жаңғырту, тарихи оқиғалар мен процестердің себеп-салдарлық байланыстарын қадағалау, қоғамдық дамудың негізгі тенденцияларын анықтау, олардың ерекшеліктерін анықтау, тарихи ғылымның жаңа жетістіктерін ескере отырып, объективті баға беру; ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жүйелеу негіздері; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдылары; ортағасырлық қоғамның дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын зерделеу, ғылыми әдебиеттерді іріктеу және зерттеу қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Ортағасырлық Қазақстан тарихы	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: Қазақстанның ортағасырлық тарихының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, орта ғасырлардың хронологиялық шеңбері, тарихи ғылымның базалық терминологиясын, Қазақстанның ортағасырлық тарихының тарихи процестері мен құбылыстарының мәнін түсінуге негізгі тәсілдерді білу; орта ғасырлар кезеңіндегі оның өңірлік және жергілікті ерекшеліктерімен әлемдік тарихи процестің жалпы бейнесін; тарихи процесті зерделеуге өркениеттік тәсілді білу мен түсінуді, күрделі тәуелділіктер жүйесін және өркениеттердің әртүрлі түрлерінің сабақтастығын анықтау, мемлекеттіліктің тарихи нысандарының қалыптасуы мен даму тетіктерін, мемлекеттік-құқықтық институттардың, отырықшы және көшпелі өркениеттердің эволюциясын білу; Меңгеру: Қазақстанның ортағасырлық тарихының этносаяси дамуы мен түркі кезеңінің арасындағы ажырамас байланысты көрсету; тарихи дамудың осы кезеңі туралы ғылыми түсінікке ие болу, тарихи өткенді талдау; Қазақстанның ортағасырлық тарихы бойынша дереккөздер туралы түсінікке ие болу; ортағасырлық Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы мәселелері бойынша алған білімдерін практикада қолдану; тарихи дамудың ортағасырлық тарихи процесті зерттеуге өркениеттік көзқарасты білу және түсіну, мемлекеттіліктің тарихи нысандарының қалыптасуы мен даму тетіктерін, мемлекеттік-құқықтық институттардың, отырықшы және көшпелі өркениеттердің эволюциясын түсіндіру; Дағды: тарихи ғылымының ғылыми категориялық-тұжырымдамалық аппаратын қолдану дағдылары; көшпелі өркениеттер тарихы мен дамуындағы жалпы және ерекше нәрсені анықтау дағдылары;</p>

			Ортағасырлық Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарын тарихи сипаттау және талдау әдістері, орта ғасырлар кезеңіндегі қоғамның дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістері; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздері, ғылыми зерттеулерді жүйелеу негіздері жайлы дағды қалыптасады.
Кәсіби орыс (қазақ) тілі	Пәндік құзіреттер		<p>Білу: кәсіби лексика мен терминологияны; кәсіби саладағы ауызша сөйлеудің ерекшеліктерін; ауызша және жазбаша қатынастың тілдік ерекшеліктерін; іскерлік қарым-қатынас және іскерлік этикет ерекшеліктері.</p> <p>Меңгеру: тұлғааралық қарым-қатынаста және кәсіби қызметте орыс тілін қолдану; іскерлік қарым-қатынасты жүзеге асыру және кәсіби тақырыптарда іскерлік әңгіме жүргізу; қажетті ақпаратты жазбаша ресімдеуге және беруге; өз көзқарасыңызды түсіндіріп, ұсынылған ережелерге сыни тұрғыдан баға беру; өзінің баяндамаларын, эсселерін және т.б. жасау; сөйлеуде іскерлік этикетті қолдану</p> <p>Дағды: тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынаста өз ойлары мен пікірлерін орыс тілінде жеткізу дағдылары; кәсіби терминдер мен түсініктер; кәсіби мәтінді талдау; ақпараттық құзыреттілік: кітаппен, оқулықпен, анықтамалық әдебиеттермен, сөздіктермен жұмыс істей білу, қажетті ақпаратты таба білу.</p>
Кәсіби бағытталған шетел тілі	Пәндік құзіреттер		<p>Білу: осы пәннің тақырыптары бойынша лексикалық материал; нормативтік рәсімдеу талаптары (қызметтік хат, эссе және т.б.), айтылым дағдыларын жетілдіру; продукивті және рецептивті лексикалық және грамматикалық дағдыларды дамыту; күнделікті және кәсіби қарым-қатынас жағдайларымен байланысты жалпы сипаттағы диалогтік сөйлеу дағдыларын жетілдіру; тыңдау дағдыларын дамыту (есіткендерін толық түсініп); жазу дағдыларын дамыту және жетілдіру; танысу, түсініп, қарап және ізденіп оқу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Меңгеру: іштей оқудың техникалық дағдыларын автоматтандыру; әлеуметтік-саяси сипаттағы ғылыми ақпарат пен әдебиеттерді түсіндіру қабілетін дамыту; монологтық (дайындалған) сөйлеу дағдыларын дамыту – тезис құру; дайындаған баяндаманы дауыстап оқуды меңгеру; қортынды жасау дағдыларын үйрету.</p>

		Дағды: практикалық, білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарды кешенді шешуге дағдылану (бір мезгілде тәжірибелік мақсаттар жетекші рөл атқарады); оқу процесінің коммуникативті бағыттылығы.
Өндірістік мұражайлық іс-тәжірибе	Кәсіби құзіреттер	Мұражайтану пәнін оқу нәтижесінде студенттер мұражайға іс-тәжірибе өтуге барады, іс-тәжірибе барысында студенттер мұражай жұмысымен және тәртібімен танысып, тәжірибе жинақтап шығады. Мұражай қызметкерлерінің міндеттерімен және мұражай құқығымен танысады. Студенттер өз білімдерін тәжірибе негізінде толықтырып, білім меңгереді.
Таңдау курсы: Этнология / Әлем халықтарының этнографиясы	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	Білу: этностардың пайда болу тарихы, этностардың тарихи эволюциясы, этникалық процестер және бір-бірімен өзара әрекеттесуі және жер бетіндегі этникалық мәдениеттер мен аймақтық өркениеттер тарихы білуі керек. Меңгеру: әлем халықтарының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктері туралы жүйелі білімді қолдану, жер шарын мекендейтін халықтардың этникалық тарихы, тілдік, экономикалық-мәдени және антропологиялық классификациясы мәселелерін талдай алуы керек. Дағды: әлемдік және отандық тарихтағы этникалық фактордың рөлі туралы, этнологиядағы теориялық сипат туралы, этнос ұғымы туралы және ғылым дамуы, этногенез мәселелерін, жер халықтарының мәдени-тарихи қатынастарын зерттеу қабілеті қалыптасады.
Таңдау курсы: Қосалқы тарихи пәндер / Тарихи нумизматика	Арнаулы құзіреттер	Білу: қосалқы тарихи пәндердің пайда болу және даму тарихы, олардың қалыптасу кезеңдері қазіргі жағдайы; зерттелетін пәндердің негізгі ұғымдары, олардың ерекшеліктері мен оқу процесінде қолданылуы; әрбір қосалқы тарихи пәннің зерттеу объектісі мен, қазіргі заманғы тарихи ғылымның құрылымының ерекшеліктері және ондағы қосалқы тарихи пәндердің орны; Меңгеру: қосалқы тарихи пәндерді зерттеудің негізгі әдістерін қолдану, қосалқы тарихи пәндерді зерделеу кезінде алынған мәліметтерді талдау және оларды нақты тарихи процеспен байланыстыру, тарихи проблемаларды талдау, себеп-салдарлық байланыстар орнату; салыстырылатын тарихи процестер мен оқиғалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтау; Дағды: тарихи зерттеулердің теориясы мен әдістері туралы жалпы кәсіби білімді меңгеру; негізгі тарихи ақпаратты түсіну, сыни тұрғыдан талдау және баяндау қабілеті; оқу-әдістемелік әдебиеттермен, тарихи дерек

	<p>Таңдау курсы: Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы / Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы тұлғалар арқылы</p>	<p>Арнаулы құзіреттер</p>	<p>көздермен жұмыс істеу дағдылары.</p> <p>Білу: орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихындағы негізгі оқиғалар, құбылыстар, процестер; орта ғасырлардағы елдер тарихындағы негізгі оқиғалардың себептері, барысы мен салдары, V-XVII ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы бойынша дерек көздерін білуі керек.</p> <p>Меңгеру: Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихының негізгі саяси, мәдени, әлеуметтік мәселелері жайлы сипаттау, тарихи оқиғаларды талдау, дерек көздеріне шолу жасау және баяндау.</p> <p>Дағды: ортағасырлық шығыс өркениеттері қоғамының дамуындағы елеулі ерекшеліктерді бөліп көрсету, өз нәтижелерін жазбаша және ауызша жауаптар түрінде ұсыну; салыстырылатын тарихи процестер мен оқиғалардың ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтау; оқу, кәсіби және әлеуметтік міндеттерді шешу үшін ақпаратпен жұмыс істеу; әлеуметтік-маңызды процестер мен проблемаларды талдау дағдылары қалыптастыру.</p>
	<p>Таңдау курсы: Мұражайтану / Әлем мұражайларының тарихы</p>	<p>Әлеуметтік - этикалық құзыреттер</p>	<p>Білу: негізгі мұражай терминологиясы; мұражайдың функциялары мен міндеттері; мұражайлардың қалыптасу және даму кезеңдері, мұражай заттарын сақтау және экспозициялау ерекшеліктері, мұражайтану негіздерін меңгеру; мұражай ісінің тарихы мен ұйымдастырылуы, мұражайлардағы зерттеу жұмысының принциптері, әдістері; мұражай ісінің теориясы мен әдістемесі;</p> <p>Меңгеру: өлкетану және мұражайтану ақпаратының әртүрлі көздерімен жұмыс істеу, өз бетінше білім алу; мұражай терминологиясын дұрыс пайдалану, теориялық білім мен зерттеу әдістерін практикада қолдану;</p> <p>Дағды: алған білімдерін тәжірибеде қолдану; Қазақстанда мұражайларды құру және қалыптастыру шарттарын айқындау; кез келген тарихи кезеңде Еуропа мен Америкада мұражайларды құру және қалыптастыру шарттарын және оларды одан әрі дамыту перспективаларын айқындау; негізгі құжаттамамен жұмыс істеу.</p>
	<p>Таңдау курсы: Әлем діндер тарихы / Әлем халықтарының мәдениеті мен тарихындағы діндер</p>	<p>Әлеуметтік - этикалық құзыреттер</p>	<p>Білу: діннің пайда болу тарихы, діннің рөлі және әр діннің ерекшелігі, әлемдік діннің қалыптасу тарихы. Әлемдік діндер теориясы мен тарихының негізгі мәселелері, маңызды оқиғалардың хронологиясы, тарихи ұғымдарды, терминдерді, игеру, білу.</p> <p>Меңгеру: әлемдік діндердің тарихи-мәдени, діни ерекшеліктері ақпарат алу, оны танымдық міндеттерді шешу үшін қолдану; тарихи сипаттау және түсіндіру әдістерін меңгеру; тарихи және қазіргі заманғы оқиғаларға деген</p>

			<p>көзқарасын анықтау және негіздеу үшін бағалау іс-әрекетінің дағдыларын пайдалану, тарихи оқиғаларды талдау.</p> <p>Дағды: тарихи деректерді өз бетінше зерделеу, ғылыми көзқарастарға негізделген әлеуметтік-маңызды проблемалар мен процестерді талдау дағдылары; тарихи ойлау мәдениеті және алынған білімді діни құбылыстардың табиғатын, діни жүйелердің дамуының негізгі тенденцияларын және олардың өзара әсерін түсіну, тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдылары; әлемдік діндердің дамуының негізгі кезеңдерін талдау.</p>
Таңдау курсы: Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық мәдениеті / Ортағасырлардағы саяси ойдың тарихы	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер		<p>Білу: орта ғасырларда шығыс және батыс елдерінің мәдениетінің пайда болу тарихы мен орта ғасырлардағы негізгі тарихи оқиғаларды, терминдер мен ұғымдарды білу және түсіну, орта ғасырлар тарихының негізгі фактілері, феодалдық қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы, гүлденуі және ыдырау процестері, христиан дінінің негізінің қалыптасуы мен Рим-католик, православие және протестанттық шіркеулердің қалыптасуы туралы білуі керек;</p> <p>Меңгеру: тарих пен сабақтас пәндердің теориялық және әдіснамалық негіздерін, олардың гуманитарлық ғылымдардың жалпы жүйесіндегі орнын түсіндіру; Шығыс пен Батыс мәдениетінің ортағасырлардағы ерекшелігі туралы талдау.</p> <p>Дағды: тарихи құбылыстарға өз бетінше баға беру, өз пікірін білдіру, тарихи материалды жүйелі түрде жеткізе білу, тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты салыстырмалы тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
Теориялық деректану / Шығыс елдерінің тарихындағы дереккөздер	Арнаулы құзіреттер		<p>Білу: деректану теориясы мен әдіснамасының негіздері, тарихи дереккөздерді жіктеу және жүйелеу негіздері, дереккөздердің негізгі кешендері, тарихи дереккөздерді зерттеу әдісінің жалпы ғылыми және тарихи әдіснамадан өзара тәуелділігі; теориялық деректану мен деректану циклі пәндерінің негізгі ғылыми мәселелері, тарихи дереккөздердің типологиясы мен эволюциясының кезеңдері; деректану әдіснамасының дамуының негізгі кезеңдерін және олардың ерекшеліктерін білу.</p> <p>Меңгеру: әртүрлі тарихи дерек көздерін талдау және түсіндіру, зерттеу жұмысында деректанулық талдау әдістерін тиімді пайдалану, зерттеу жұмысында тарихнамалық талдау әдістерін тиімді пайдалану, тарихнамалық талдаудың ғылыми әдіснамасы мен әдістері негізінде тарихи зерттеулерді талдау; курстың негізгі теориялық ұғымдарымен еркін жұмыс</p>

		<p>істеу;</p> <p>Дағды: қазіргі заманғы тарихи деректанудың ғылыми құралдары мен тұжырымдамалық-категориялық аппаратын меңгеру; нақты проблемалық әдіснамамен және қойылған зерттеу міндетімен өзара байланыста деректанудың теориялық мәселелерін талдау дағдыларын меңгеру.</p>
Мұрағаттану / Мұрағат ісінің тарихы	Арнаулы құзіреттер	<p>Білу: архив негіздерін; архив ісінің тарихы мен ұйымдастырылуын, архивтердегі зерттеу жұмысының принциптері мен әдістерін; архив ісінің теориясы мен әдістемесін; архив құқығы мен архив заңнамасын; архивтердегі менеджмент пен маркетингі; архивтану саласындағы зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі әдістерін, құралдарын меңгеру; архивистің кәсіби қызметінің мақсаттарын, әдіснамасы мен тәсілдерін түсіну; архив бойынша іргелі білім, архив бойынша негізгі тұжырымдамалар мен теориялық зерттеулер;</p> <p>Меңгеру: кәсіби қызметте архивтану ұғымдық аппаратын пайдалану; архивтік құжаттармен жұмыс істеу, құжаттың құндылығына сараптама жүргізу; архивтерді тарихи жадының басқа институттарынан ажырату; архивтердің жекелеген түрлерін бір-бірінен ажырату; ғылыми-зерттеу жұмысы процесінде архив материалдарын пайдалану;</p> <p>Дағды: ақпаратты қорғау әдістерімен; құжаттардың құндылығын сараптау, архивтердегі зерттеу жұмысы; архивтердің түрлері мен түрлерінің негізгі ұғымдарымен; студент архив құжаттарымен жұмыс әдістемесі, архивтану негізгі ұғымдары, архивтану ғылыми-анықтамалық аппараты туралы түсінікке ие болуы тиіс.</p>
Қазақстанның жаңа заман тарихы	Арнаулы құзіреттер	<p>Білу: Қазақстанның жаңа заман тарихы қоғамының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын, тарихи дәуірдің хронологиялық шеңберлері, тарихтың жаңа замандағы оның өңірлік және жергілікті ерекшеліктерімен әлемдік тарихи процестің жалпы көрінісін; жаңа замандағы Қазақстанның саяси дамуын, рухани мәдениеттің дамуын, қазақ хандығының Ресей империясының отаршылдығына айналу процестерін, Еуразия халықтарының тарихымен өзара байланыста және өзара іс-қимылда Қазақстан аумағында болған тарихи оқиғалар, XVII-XIX ғғ. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның орны, негізгі фактілер мен құбылыстар, тарихтың жаңа кезеңіндегі Қазақстан аумағындағы тарихи процестің тұтастығын сипаттай білу;</p> <p>Меңгеру: жаңа замандағы экономикалық, саяси, мәдени көріністеріндегі Қазақстан аумағындағы тарихи құбылыстар мен процестерді талдау және</p>

			<p>түсіндіру; тарихи дереккөздер негізінде қоғамдық өмірдің тарихи фактілерін, оқиғалары мен құбылыстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру; кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу кезінде тарихи дереккөздерді, тарихи фактілерді, тарихи ақпаратты іріктеуді, талдауды және түсіндіруді жүзеге асыру; кәсіби қызметте тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасы туралы білімді базалық деңгейде қолдану; тарихилық принцип негізінде тарихи өткенді талдай білу;</p> <p>Дағды: Қазақстанның жаңа замандағы дамуы мен оқиғалардың себептері мен салдарын тарихи сипаттау және талдау әдістері, қазақ қоғамының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістерін; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздері, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жүйелеу негіздері; салыстырмалы және тарихи процесті жүйелі талдау; Қазақстан дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын зерделеу, ғылыми әдебиеттерді іріктеу және зерттеу қызметінде пайдалану жөніндегі зерттеу қызметінің негіздері;</p>
Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы	Арнаулы құзіреттер		<p>Білу: Шығыс пен Батыстың тарихи дамуының негізгі кезеңдері, оның әлемдік тарихтағы орны; жаңа замандағы Батыс пен Шығыс елдерінің тарихындағы негізгі мәселелер; Батыс және Шығыс қоғамдарындағы феодалдық қатынастар дағдарысы мен капиталистік қатынастардың қалыптасуының тарихи себептері мен алғышарттары, Шығыс және Батыс елдерінің экономикасындағы капиталистік тәртіптің даму ерекшеліктері, маңызды саяси институттар мен мемлекеттік мекемелердің эволюциясының мәні мен заңдылықтары, отарлық экспансияның түрлері мен әдістері; жаңа замандағы Батыс және Шығыс елдерінің қоғамдық дамуының негізгі процестері туралы білуі керек.</p> <p>Меңгеру: жаңа замандағы Батыс және Шығыс елдерінің тарихының негізгі ұғымдарын, ғылыми категорияларын, негізгі оқиғаларын сипаттау; жекелеген проблемаларды талдау, тарихи процестің ұқсас құбылыстарының типологиялық ерекшеліктерін анықтау, объективті және субъективті факторлардың әрекеттерін ажырату; Батыс және Шығыс елдерінің тарихи дамуының негізгі проблемаларына әртүрлі көзқарастарды ескеру және салыстыру; өзекті мәселелердің байланысын ашу, Батыс және Шығыс елдерінің саясатының, экономикасы мен мәдениетін және оның дамуының негізгі тенденцияларын сипаттау; оқу және ғылыми әдебиеттердің, электрондық ресурстардың барлық жиынтығын пайдалану;</p> <p>Дағды: салыстырылатын тарихи процестер мен оқиғалардың ортақ</p>

		<p>белгілері мен айырмашылықтарын анықтау; кәсіптік және әлеуметтік міндеттерді шешу үшін ақпаратпен (ақпараттық кешендермен, көздермен) жұмыс істеу; Шығыс пен Батыстың жаңа тарихы бойынша базалық материалды пайдалана отырып, әлеуметтік маңызы бар процестер мен проблемаларды талдау дағдылары; тарихи ойлау мәдениеті, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау қабілеті; оқиғалардың себептері мен салдарын тарихи сипаттау және талдау әдістері, Шығыс және Батыс елдерінің дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістері.</p>
Қазақстанның қазіргі заман тарихы / Мәдени модернизация жылдарындағы Қазақстан	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: Қазіргі замандағы теориялық - методологиялық көзқарас тұрғысынан; Кеңестік саяси жүйенің қалыптасу процесін; ЖЭС-тің мәнін талдау; Қазақ қоғамын большевиктік модернизациялаудың мазмұны мен салдарын; Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысу мәселелерін көрсету; Коммунистік партияның саяси және экономикалық, реформалаудың негізгі, большевиктердің ұлттық; саясатының мәнін анықтау; Әміршіл-әкімшіл жүйенің күштеу үрдісін; тоқырау құбылыстарының себептері; Кеңестік социализмнің дағдарысы және КСРО-ның ыдырауын; Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу урдісін; Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси қызметін ашу; Күтілетін нәтиже: Қазақстанның қазіргі кезеңдегі тарихи оқиғалары туралы білуі керек. Сол жылдардағы оқиғаларды жаңа көзқарас тұрғысынан бағалау дағдыларын меңгеру керек. Қазақ мәдениетіндегі модернизациялар туралы білім меңгерту. Модернизация кезіндегі қазақ әдеби тілінің негізі қаланып, жаңа стильдік формалар пайда бола бастаған кезеңді қарастыру және қазақ жазушылары жаңа жанрларды меңгере бастағандығы жайлы талдау. Кеңес өкіметі орнауымен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастағандығы жайлы қарастыру. Қазақ мерзімдік баспасының тарихы мен дамуы жайлы, оқу ағарту мен білім идеяларын бұқара арасында насихаттау туралы мәліметтерді талдау, қазақ мәдениетіндегі ерекшеліктер жайында білуі керек. Қазақстандағы XX ғасырдағы мәдени салада болған модернизациялардың тарихи маңыздылығы туралы білім меңгеру керек.</p>
Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы / Шығыс елдері: даму перспективалары және проблемалары	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	<p>Білу: 1945 жылдан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі кезеңде Батыс және Шығыс елдерінде болған негізгі оқиғалар, осы кезеңде болған негізгі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер туралы, сондай-ақ осы тарихи кезеңдегі халықаралық қатынастардың дамуы туралы түсінік қалыптастыру.</p>

		<p>Меңгеру: семинар сабақтары, ғылыми-зерттеу, білім беру және мәдени-ағарту қызметі үшін материалды талдау және объективті түсіндіру, Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы бойынша дерек көздеріне талдау жасауды меңгеру.</p> <p>Дағды: Шығыс және Батыс елдерінің жаңа тарихы бойынша негізгі тарихи ақпаратты түсіну, сыни тұрғыдан талдау және баяндау дағдылары қалыптасады.</p>
<p>Түркі халықтарының этно-мәдени тарихы / Түркі халықтарының мәдениеті</p>	<p>Әлеуметтік - этикалық құзыреттер</p>	<p>Білу: түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы біртұтас процесс ретінде қарау, дүниежүзілік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде түркі халықтарының маңызы мен алатын орны жайлы, түркі халықтары мен Қазақстан тарихы бойынша дереккөздерді білуі керек.</p> <p>Меңгеру: түркі тайпалары мен халықтарының қалыптасу тарихын көрсету, отан тарихының өзекті мәселесі ретінде түркі халықтарының тарихи сабақтастығы жайлы талдау және түркі халықтарының тарихта алатын орны туралы тұжырымдамаларды сипаттауды меңгеруі керек.</p> <p>Дағды: дүниетанымдық сипаттағы жүйелі білім дағдылары; түркі жазба ескерткіштері мен түркі халықтарының арнайы тарихи әдебиеттеріне ерекше назар аудара отырып, дереккөздермен - жазбаша, ауызша, этнографиялық, лингвистикалық, археологиялық деректерді талдау дағдылары.</p>
<p>Қазақ хандығы: ұлттық мемлекеттіліктің тарихи тәжірибесі / Қазақ мемлекеттілігінің тарихы</p>	<p>Әлеуметтік - этикалық құзыреттер</p>	<p>Білу: Қазақ хандығының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, жаңа тұжырымдамалық тәсілдер контекстінде, қазақ ұлтының қалыптасу кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени процестер, қазақ хандығының саяси тарихы, қазақ халқының көшпелі өркениет жүйесіндегі рөлі мен орны; Ресейдің отарлау қозғалысының процестері, отарлау нәтижелері, оның салдары; көшпенділердің рухани әлемінің эволюциясы және олардың Еуразиялық әлем өркениетіне қосқан үлесі;</p> <p>Меңгеру: тарихи өткенді талдау, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуы мәселелері бойынша алған білімдерін практикада қолдану, оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтау; тарихи дереккөздер негізінде қоғамдық өмірдің тарихи фактілерін, оқиғалары мен құбылыстарын салыстырмалы талдауды жүзеге асыру; қазіргі тарихи әдебиетке сүйене отырып, тарихи оқиғаларды сипаттау, талдау;</p> <p>Дағды: тарихи ғылымның ғылыми категориялық-тұжырымдамалық аппаратын қолдану дағдылары; көшпелі өркениеттер тарихы мен дамуындағы ортақ және ерекшелігін анықтау дағдылары; қазақ</p>

		хандығының тарихи оқиғаларының себептері мен салдарын тарихи сипаттау және талдау әдістері, қазақ қоғамдарының дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтарын тарихи талдау әдістері; тарихи дереккөздер мен құжаттарды талдау негіздері, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды жүйелеу негіздері; тарихи процесті салыстырмалы және жүйелі талдау дағдылары;
Қазақ халқының рухани - мәдени мұрасы / Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы		Білу: қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтары, рухани мәдениет ұғымы мен құрылымы, қазақ халқының ежелгі кезеңіндегі рухани мәдениеттің негізгі мазмұны мен қалыптасқан көп ғасырлық тарихи көшпенділіктің мәдени аспектілері, сақ-үйсін және ежелгі түркі дәуірінің өнері мен мифологиясының даму ерекшеліктері туралы білуі қажет. Меңгеру: тарихи-мәдени өткенді талдау, рухани-мәдени процестердің қайшылықтары мен тенденцияларын анықтау, қазақ ағартушылығының мәнін ашу; халықтың рухани мұрасының негізгі мазмұнын көрсету және ашу, дербес қорытындылар мен қорытындылар жасау; оқиғалардың, процестердің нәтижелері мен мәнін дербес бағалау, өз көзқарасын еркін, сауатты баяндау. Дағды: қазақ мәдениетінің негізгі даму тарихын, қазақ халқының мәдениетінің бастауларын; әлемдік және қазақстандық мәдениеттану саласының жетістіктерін; қазақтардың дәстүрлі әлеуметтік, діни, көркем мәдениетінің типологиясын білу және түсіну; пікірталас жүргізу қабілеті; ұлттық тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу; өз көзқарасын еркін, сауатты және дербес жеткізу дағдыларын меңгеру.
Қазақ халқының материалдық мәдениеті / Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті	Әлеуметтік - этикалық құзыреттер	Білу: қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қалыптауының тарихы, негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері; ұлттық мәдениеттің негізгі тұжырымдамалары; қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекшеліктері туралы жалпы түсінік; материалдық мәдениеттің негізгі компоненттерінің (тұрғын үйлер, тамақ, киім, еңбек құралдары, қолөнер, қозғалыс құралдары және т. б.) даму тетіктері мен кеңістігі; материалдық мәдениеттің нысандарын, қазақ халқының тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының тарихымен байланысты ұлттық мәдениеттің бір бөлігі жайлы білуі керек. Меңгеру: қазіргі кезеңде және тарихи тұрғыдан қазақ халқының мәдениетін зерттеудегі материалдық мәдениеттің маңыздылығын бағалау; тарихи, этнографиялық деректермен мен материалдарды талдау, оларды сыни тұрғыдан бағалау, қазақ халқының материалдық мәдениетінің күрделі

			<p>әлеміне сипаттама беруді меңгеруі керек; Дағды: пән бойынша әдебиеттермен, ғылыми монографиялармен жұмыс істеу, олардан қажетті мәліметтерді алу және талдау; ұлттық мәдениет құбылыстарын талдау дағдылары, ұлттық мәдениеттің түрлері мен нысандарын жіктеу қабілеті; қазақтардың материалдық мәдениетін, ұлттық мәдениетті этнологиялық және тарихи зерттеу әдістерінің әдіснамалық қағидаттарын, әдістерін зерделеу жөніндегі ғылыми әдістер кешені; ұлттық мәдениеттің тарихи, этникалық, мәдени процестерін ғылыми талдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
--	--	--	---